

Қазақстан-венгр ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық жөніндегі комиссиясының бірінші отырысы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 13 желтоқсандағы N 346-ө
Өкімі

2005 жылғы 21-24 ақпанда Будапешт қаласында өткізілген қазақстан-венгр ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық жөніндегі комиссиясының бірінші отырысы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан-венгр ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық жөніндегі комиссиясының бірінші отырысы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөніндегі шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі есептіден кейінгі айдың оныншы күніне қарай тоқсанына кемінде бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін Жоспардың орындалу барысы туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 13 желтоқсандағы
N 346-ө өкімімен

бекітілген

Қазақстан-венгр ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық жөніндегі комиссиясының бірінші отырысы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р / с N	Іс-шараның атауы	Орындалу мерзімі	Ж а у а п т ы орындаушылар
1	2	3	4

1.	Қазақстан-венгр ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақ- тастық жөніндегі комиссиясының екінші отырысын өткізу мерзімін дипломатиялық арналар арқылы пысықтау	2 0 0 6 ж ы л ғ ы маусым	ІІМ, СІМ
2.	Қазақстан Республи- касы мен Венгрия Республикасы арасында Қылмыстық істер жөніндегі құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы шарт жасасу туралы мәселені пысықтау	2006 жылғы маусым	БП (келісім бойынша), ІІМ, Қаржымині, ҚПА (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), Әділетмині, ПҚК (келісім бойынша)
3.	Трансұлттық қылмыстық топтар, олардың мүшелері мен көшбасшылары туралы бірыңғай деректер банкін құру туралы мәселені пысықтау	2 0 0 6 ж ы л ғ ы қыркүйек	Б П (к е л і с і м б о й ы н ш а), І М , Қаржымині, ҚПА (к е л і с і м б о й ы н ш а), Ұ Қ К (к е л і с і м б о й ы н ш а) , Әділетмині, ПҚК (келісім бойынша)
4.	Ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына, заңсыз көші-қонға қарсы күрестің жай-күйі туралы ұдайы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету	Тұрақты	ІІМ, Қаржымині, ҚПА (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), БП (к е л і с і м б о й ы н ш а) , Қорғанысмині, Әділетмині, ДСМ, Еңбекмині
5.	Есірткі құралдары мен психотроптық заттарды тасымалдау және жасыру әдістері, оларды буып-түю және таңбалау тәсілдері туралы ұдайы ақпарат алмасуды жүзеге асыру	Тұрақты	ІІМ, Қаржымині, ҰҚК (келісім бойынша), ДСМ

6.	Есепте тұрған ұйымдасқан қылмыстық топтарды қаржыландыру көздері, олардың мүшелерінің жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу жағдайлары, қылмыстық жолмен алынған ақша қаражатын заңдастыру туралы ұдайы ақпарат алмасуды жүзеге асыру	Тұрақты	ҚПА (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша)
7.	Құқық қорғау органдарының ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы кадрларын даярлау аясында екі жақты ынтымақтастық орнату жөніндегі мәселені пысықтау	Тұрақты	ІІМ, Қаржымині, ҚПА (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), БП (келісім бойынша)
8.	Ведомстволық оқу орындары арасындағы ынтымақтастық туралы екі жақты келісім жасасу туралы мәселені пысықтау	2006 жылғы қыркүйек	ІІМ, Қаржымині, ҚПА (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша)

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ПКҚ - Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ҚПА - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК